

2019 жылға арналған Ерейментау ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № а-4/115 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 мамырда № 7173 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2019 жылға арналған Ерейментау ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады

Ерейментау ауданының әкімі

А.Әлжанов

Ерейментау ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "29" сәуірдегі
№ а-4/115 қаулысымен
бекітілді

2019 жылға арналған Ерейментау ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Меншік түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		
	Бөбекжай-бақшасы	Толымсыз жұмыс күнімен дербес шағын орталық	Мектеп жанындағы толымсыз жұмыс күнімен шағын орталық
мемлекеттік	875	0	663
жеке меншік	410	10	0

кестенің жалғасы

Бір тәрбиеленушіге айына (теңге) шығындардың орташа құны	Мектепке дейінгі мекемелерде айына (теңге) ата-ана төлемақысының мөлшері

Бөбекжай - бақшасы	Толымсыз жұмыс күнімен дербес шағын орталық	Мектеп жанындағы толымсыз жұмыс күнімен шағын орталық	Бөбекжай - бақшасы	Толымсыз жұмыс күнімен дербес шағын орталық	Мектеп жанындағы толымсыз жұмыс күнімен шағын орталық
33500	0	13500	Үш жасқа дейін - 11000 Үш жастан жоғары - 12000	0	0
33000	12000	0	Үш жасқа дейін - 12000 Үш жастан жоғары - 15000	Үш жасқа дейін - 2500 Үш жастан жоғары - 3000	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК